



Бектілді: _____
«Күншуақ +» жеке балабақшасы
Менгерушісі: Султанова А.Б.

Келісілді: _____
«Күншуақ» жеке балабақшасы
Әдіскері: Галияскарова А.С.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-
2024 оқу жылына арналған музыкадан «Балапан» кіші тобының ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Музыка жетекшісі: Биктасова А. Е .

Түсінік хат

2023 -2024 оқу жылында «Күншуақ +» жеке балабақшасының «Балапан» кіші тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың музыка перспективалық жоспары құрастыруда төмендегі нормативті –құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348»Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты,

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 9қыркүйектегі №394 бұйрығының 1-қосымшасы,

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»бұйрығымен (2022жыл14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы,

-«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды тәрбиелеу топтарында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының»Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2023 жылғы 26 шілдедегі (№7хаттама)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімінің 08.09.2022 жылғы

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында-1жыл

Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

Шығармашылық дағдыларын дамыту-музыка 1-сағат.

2023-2024 оқу жылындағы музыка ұйымдастырылған іс әрекетінің апталық оқу жүктемесі:

-«Балапан» кіші тобы аптасына бір рет.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған музыкадан «Балапан» кіші жас тобының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : «Күншуақ+» жеке балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек- Мамыр айы 2023-2024ж.ж.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	Музыка тыңдау: Музыка тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру; сылдырмақ аспаптарының дыбысталуымен танысу; Ән айту: Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту; Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру, жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер) Педагогтың дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекеленген сөздер мен буындарды қосып айтады.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдауда эмоционалды көңіл-күймен қабылдау; Бубен, сылдырмақ аспабын үнінен тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану; Ән айту: Ән айтуда педагогтың дауыс ырғағына еліктеу, қосылып ән айту; Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату. Күтілетін нәтиже: Музыкалық аспаптарды ажыратады, (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ)

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка	Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу; Барабан аспабымен және дыбысталуымен танысу; Ән айту: Ән айтуда педагог сөздерінің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту; Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қарапайым би қимылдарын орындау: жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу. Күтілетін нәтиже: Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка	Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу; Барабан аспабы мен сылдырмақ, бубен аспаптарының үнін салыстырып тыңдату, үнінен тану; Ән айту: Ән айтуда әнді жеке және топпен айтуға үйрену; Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Күтілетін нәтиже: Музыкалық-ырғақтық қимылдарды: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеуді орындайды.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка	Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда әннің мағынасын түсіну, қоныраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырата білу; Барабан аспабын қарапайым ырғақ соғуда қолдану; Ән айту: Ән айтуда әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу; Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын музыка ырғағымен ойындарда көрсетуге дағдылану (қанатын жайып ұшқан құстар, секірген қояндар, қорбандаған қонжықтар). Күтілетін нәтиже: Әннің мағынасын түсінеді.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка	Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда фортепиано аспабының дыбысталуын ажырата білу; -Сырнай аспабымен және дыбысталуымен танысу, аспаптың үнін тану; Ән айту: Ән айтуда ересектің дауыс интонациясымен аспапка бейімделе отырып орындауға ынталандыру; Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкалық-ырғақты қимылдар арқылы қарапайым ойындар мен әндерді сахналау. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка	Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру; -Қазақ халқының ұлттық аспабы асатаяқтың дыбысталуымен танысу, үнін тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану; Ән айту: Ән айтуда әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру; Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкалық-ырғақты қимылдарды аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер)

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка	Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау; Таныс аспаптарды ойын әрекетінде қолдану; Ән айту: Ән айтуда аспаптың сүйемелдеуіне бейімделу, аспапты есту; Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады)

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка	Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тани білу; Музыкалық аспаптарды есте сақтау, атау (сылдырмақ, барабан, бубен, асатаяқ, сырнай); Ән айту: Ән айтуда әннің сөзін, сөз тіркестерін ересекпен бірге орындап, интонациясын еліктеу орындау, аспапқа бейімделуін бекіту; Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады:(баяу және көңілді әндер)қоңыраулардың жоғарғы және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады.